

"Электрондық ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмелерін электрондық ақпараттық ресурстарды резервтік сақтаудың бірыңғай платформасына беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 16 наурыздағы № 45/НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № 465/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 15 желтоқсанда № 21795 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Электрондық ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмелерін электрондық ақпараттық ресурстарды резервтік сақтаудың бірыңғай платформасына беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 16 наурыздағы № 45/НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16883 болып тіркелген, 2018 жылғы 19 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электрондық ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмелерін электрондық ақпараттық ресурстарды резервтік сақтаудың бірыңғай платформасына беру қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұфымдар пайдаланылады:

"1) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды обьектілері (бұдан әрі - АКИАМО) - жұмыс істеуінің бұзылуы немесе тоқтауы әлеуметтік және (немесе) техногендік сипаттағы төтенше жағдайға немесе қорғаныс, қауіпсіздік, халықаралық қатынастар, экономика, шаруашылықтың жекелеген салалары үшін немесе тиісті аумақта тұратын халықтың тыныс-тіршілігі, оның ішінде: жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, сумен жабдықтау, өнеркәсіп, денсаулық сақтау, байланыс, банк саласы, көлік, гидротехникалық құрылыштар, құқық қорғау қызметі, "электрондық үкімет" инфрақұрылымы үшін елеулі теріс салдарларға алып келетін ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым обьектілері";

3) Ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығы (бұдан әрі – АҚҰҮО) – "Мемлекеттік техникалық қызмет" акционерлік қоғамының құрылымдық бөлімшесі;

4) жедел резервтеу – қосымша бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдалану және оларды белсенді режимде ұсташа және (немесе) нақты уақыт режимінде (немесе 1 сағатқа кідірумен нақты уақытқа жақын) өзгерістерді беруді және ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету;

5) резервтік көшірме – резервтік көшірме – жоғалту, зақымдау, бұзу, немесе заңсыз өзгерту, жою жағдайында деректердің бастапқы және қажет болған жағдайда олардың орналасқан жаңа орнын қалпына келтіру үшін жобаланған электрондық тасымалдағышта мәліметтер базасы көшірмесін және қажет болған жағдайда қолданбалы бағдарламалық қамтылым жасау процесін сәтті аяқтаудың нәтижесі;

6) ұзақ мерзімді сактау – электрондық ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмелерін екі жылдан арттық сактау мерзімімен электрондық ақпараттық ресурстарды сактаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына бір реттік беру;

7) іске қосусыз резервтеу – деректерді қалпына келтіру мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істеп тұрган немесе сөндірілген электрондық ақпараттық ресурстардан операциялық жүйе құралдарымен резервтік көшірме жасау;

8) электрондық ақпараттық ресурстарды сактаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасы (бұдан әрі – БҮРП) – электрондық ақпараттық ресурстардың сақталуын қамтамасыз ету және қажет болған жағдайда деректерді қалпына келтіру мақсатында, олардың резервтік көшірмелерін сактауға арналған аппараттық-бағдарламалық кешен."

;

көрсетілген Қағидаларға қосымша осы бүйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бүйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш
өнеркәсібі министрі

Б. Мусин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің

2020 жылғы 15 желтоқсаны
№ 465/НҚ бұйрығына қосымша

Электрондық ақпараттық
ресурстардың резервтік
көшірмелерін электрондық
ақпараттық ресурстарды
сақтаудың бірыңғай ұлттық
резервтік платформасына
берудің қагидаларына және
мерзімдеріне қосымша

нысан

Электрондық ақпараттық ресурстардың техникалық сипаттамалары туралы мәліметтер

№	ЭАР толық атауы	Операциялық жүйе нұсқасы)	(ДББЖ / БҚ / ҚБҚ (Атауы/нұсқасы)	Деректер базасының өлшемі, Гб	Резервтік көшірменің өлшемі (дампа), Гб	ДБ өлшемінің жоспарланған жыл сайынғы өсімі, Гб
---	-----------------	---------------------------	----------------------------------	-------------------------------	---	---

Кестенің жалғасы

СРУ сервердің саны	CPU сервердің толу деңгейі (%)	Сервердің ОЕСҚ көлемі, Гб	Резервтік көшіру құралдары	АКИ АМО иесі	ЭАР класы	ЭАР жауапты тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты/телефон нөмірі
--------------------	--------------------------------	---------------------------	----------------------------	--------------	-----------	---

Аббревиатураларды толық жазу бойынша ескертпе:

ДББЖ – деректер базасын басқару жүйесі;

БҚ – бағдарламалық қамтылым;

ҚБҚ – қолданбалы бағдарламалық қамтылым;

СРУ – компьютердің орталық процессоры;

Гб – гигабайт;

ДБ – деректер базасы;

ОЕСҚ – оперативті есте сақтау құралы;

ЭАР – электрондық ақпараттық ресурс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК